4.1.2. барлық сәйкес салықтарды және бюджетке төленуге тиісті басқа барлық төлемдерді төледі, сондай-ақ Қолданыстағы заңнаманың қоршаған ортаны қорғау, денсаулық қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша талаптарын бұзуды жою туралы уәкілетті мемлекеттік органдар тарапынан болған, бірақ Қарыз алушы әлі орындамаған ескертулер, шешімдер және басқа талаптар жоқ;

4.1.3. оның бизнесіне, активтеріне, қаржылық жағдайына және осы Қосылу шартына қатысты өз міндеттемелері бойынша жауап беру мүмкіндігіне қандай да бір зиян тигізуі мүмкін жағдайлар жоқ;

4.1.4. банкрот болу, оңалту, қайта ұйымдасу, таратылу (ЗТ қатысты қолданылады) және банкрот болу, жеке кәсіпкер ретінде тіркеу күшінің жойылуы және т.с.с. сияқты жағдайлардың немесе осындай «қызметті тоқтату» ықтималдығының (ЖК қатысты қолданылады) орнау қаупі жоқ;

4.1.5. жиынтық сомасы осы Қосылу шартына қол қоятын күннің алдындағы соңғы есепті күнгі мәліметтер бойынша жиынтық активтерінің сомасының 10%-нан аспайтын талап арыздармен сот дауларына тартылмаған.

**4.2. Қарыз алушының міндеттері:**

4.2.1. осы Шартта көзделген міндеттемелерді тиісті дәрежеде орындау, қарыз қаражатын мақсатына сай ғана пайдалану;

4.2.2. Келіп түсетін ақшаны Банкте ашылған банктік шотқа аудару арқылы жеткізілген өнім/тауар үшін Якорлық клиенттен ақша қаражаттарын қабылдау;

4.2.3. Банктің алғашқы талабы бойынша қарыз қаражаттарының мақсатына сай пайдаланылуына бақылау жасауға қажетті барлық бастапқы құжаттарды ұсыну;

4.2.4. Банк көрсеткен мерзімде Қарыз алушы, сондай-ақ үшінші тұлғалар ұсынатын қамсыздандыруды тиісті үлгіде ресімдеу, сондай-ақ нарық 10% (он пайыздан) астам төмендеу жағына қарай тұрақсызданған жағдайда, кепілдегі мүлікті бағалау туралы есепті Банктің алғашқы талабы бойынша өз есебінен беру (кепілге тауар-материалдық құндылықтар қабылданған жағдайда);

4.1.2. уплатил все соответствующие налоги и другие обязательные платежи в бюджет, а также не имеет уведомлений, решений и иных требований со стороны уполномоченных государственных органов об устранении нарушений требований действующего законодательства по охране окружающей среды, здравоохранению и техники безопасности, которые Заемщик не устранил;

4.1.3. отсутствуют обстоятельства, могущие нанести существенный ущерб его бизнесу, активам, финансовому положению и возможности отвечать по своим обязательствам по настоящему Договору присоединения;

4.1.4. отсутствует угроза наступления нижеследующих обстоятельств: банкротство, реабилитация, реорганизация, ликвидация (применяется для ЮЛ), и банкротство, утрата силы регистрации в качестве индивидуального предпринимателя и т.д., либо вероятности такого «прекращения деятельности» (применяется для ИП);

4.1.5. не вовлечен в судебные разбирательства, суммарная сумма исков которых не превышает 10% от суммы совокупных активов на последнюю отчетную дату, предшествующую заключению настоящего Договора присоединения.

**4.2. Заемщик обязуется:**

4.2.1. надлежащим образом исполнять все обязательства, предусмотренные настоящим Договором, использовать заемные деньги исключительно по целевому назначению;

4.2.2. осуществлять прием денежных средств от Якорного покупателя за поставленную продукцию/услуги только в безналичном порядке, путем зачисления поступающих денег на банковский счет, открытый в Банке;

4.2.3. предоставить по первому требованию Банка все первичные документы, необходимые для контроля целевого использования заемных средств;

4.2.4. в указанный Банком срок надлежащим образом оформить обеспечение, предоставляемое как Заёмщиком, так и третьими лицами, а также предоставить по первому требованию Банка за свой счёт отчёт об оценке залогового имущества в случаях колебания рынка в сторону понижения более чем на 10 % (десять процентов) (в случае принятия в залог товарно-материальных ценностей).

4.2.5. Банктің Қарыз алушыға қоятын талаптарын қамтамасыз ететін, Қамсыздандыру шартында көзделген жағдайларда қосымша қамсыздандыру ұсыну;

4.2.5. предоставить дополнительное обеспечение в случаях, предусмотренных Договором обеспечения, обеспечивающего требования Банка к Заемщику.

4.2.6. Осы Қосылу шарты қолданыста болатын мерзім ішінде Банкке:

- өзінің басқа банктердегі (жекелеген банктік операцияларды жүзеге асыратын ұйымдардағы) барлық шоттары туралы оларды ашқан сәттен бастап 3 күнтізбелік күн ішінде жазбаша түрде хабарлау;
- пошталық және банктік деректемелері, заңдық мекенжайы, құрылтай құжаттары өзгерген кезде, осындай өзгерістер орын алған сәттен бастап 3 күнтізбелік күн ішінде жаңа құжаттарды Банкке тапсыру;
- кәсіпорын таратылған кезде уәкілетті орган тарату процедурасын жүргізуді бастау туралы шешім қабылдаған сәттен бастап 3 күнтізбелік күн ішінде бұл туралы жазбаша түрде хабарлау.

4.2.6. в течение срока действия настоящего Договора присоединения письменно уведомить Банк:
- обо всех своих счетах в других банках (организациях, осуществляющих отдельные банковские операции) в течение 3-х календарных дней с момента открытия;
- при изменении почтовых и банковских реквизитов, юридического адреса, учредительных документов в течение 3-х календарных дней с момента таких изменений и представить Банку новые документы;
- при ликвидации предприятия в течение 3-х календарных дней с момента принятия уполномоченным органом решения о начале проведения процедуры ликвидации.

4.2.7. қаржылық жай-күйі мен қамсыздандырудың сақталуын тексеру мақсатында банктің қызметкерлерін қоймалық, өндірістік, қызметтік жайларға және басқа жайларға кіргізу, сондай-ақ қаржылық жай-күйіне мониторинг жүргізіп, талдау жасауға көмек көрсету;

4.2.7. допускать работников Банка в складские, производственные, служебные и иные помещения с целью проверки финансового состояния, оказывать содействие в проведении мониторинга и анализа финансового состояния;

4.2.8. Банк осы Шартты орындау аясында негізді түрде сұрау сала алатын кез келген ақпаратты оған жедел түрде (3 жұмыс күніне дейінгі мерзімде) Банкке тапсыру;

4.2.8. оперативно (в срок до 3-х рабочих дней) предоставлять Банку любую информацию, которую последний может обоснованно запросить в рамках исполнения настоящего Договора;

4.2.9. Банк алдындағы міндеттемелерін бұзған жағдайда, «Банк ЦентрКредит» АҚ-тағы қаржылық міндеттемелерін қоспағанда, осы Қосылу шарты бойынша қаржылық міндеттемелерін осы Шартқа қол қойған күні болған басқа барлық қаржылық міндеттемелерге қарағанда бірінші кезекте орындау;

4.2.9. в случае нарушения своих обязательств перед Банком, производить исполнение финансовых обязательств по настоящему Договору присоединения в первоочередном порядке по отношению ко всем другим финансовым обязательствам, уже существующим на дату подписания Договора, за исключением финансовых обязательств, имеющихся в АО «Банк ЦентрКредит»;

4.2.10. Банкке осы Қосылу шартының міндеттемелері орындалмайтын нақты немесе ықтимал жағдайлар туралы тез арада хабарлау;

4.2.10. своевременно уведомлять Банк о реальных, либо потенциальных случаях невыполнения обязательств настоящего Договора присоединения;

4.2.11. Банк алдында мерзімінен кешіктірілген берешегі болған жағдайда, Банктің жазбаша келісімінсіз өзінің қатысушылары арасында кірісін бөлмеу;

4.2.11. при наличии просроченной задолженности перед Банком никаким образом не распределять среди своих участников доходы без письменного согласия Банка;

4.2.12. Банктің Қосылу шартына және оған жасалған Өтінішке сәйкес даусыз тәртіппен

4.2.12. обязуется не препятствовать и соглашается, что Банк изымает (списывает)

(қосымша келісімсіз және хабарлаусыз) Қарыз алушының банктік шотынан төлемдер сомасын алуына (есептен шығаруына) кедергі жасамауға міндеттенеді және соған келіседі;

суммы платежей в бесспорном (без дополнительного согласия и уведомления) порядке с Банковского счёта Заёмщика согласно Договору присоединения и Заявления, к нему;

4.2.13. қарызды өтеу үшін банктік шотта ақшаның болуын уақытылы қамтамасыз ету, осы ретте Нұр-Сұлтан қ. уақытымен сағат 18.00-ге дейін қарыз бойынша берешекті өтеу есебіне барлық төлемдерді есептеу. Төлем сағат 18:00-ден кейін жүргізілген жағдайда Қарызды өтеу күні болып төлем жасалған күннен кейінгі жұмыс күні танылады;

4.2.13. своевременно обеспечить наличие денег на Банковском счете для погашения займа, при этом зачислять все платежи в счет погашения задолженности по займу до 18.00 часов по времени Нур-Султан. В случае проведения платежа после 18.00 часов. Датой погашения Займа будет считаться следующий за ним рабочий день проведения платежа.

4.2.14. Осы Шартқа қосылған сәттен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде ақша айналымын (Банкте ашылған ағымдағы шот (шоттар) бойынша ақшалай операциялар) қолдауды қамтамасыз ету, сондай-ақ егер Банктің Уәкілетті органының шешімінде өзгеше белгіленбесе және Қарыз алушыға хабарланбаса, Шарт қолданыста болатын кезеңде ай сайын Банктегі ағымдағы шотта Қарыз алушының жалпы қолма-қол ақшасыз түсімдерінің кемінде 90 % (тоқсан пайызы) мөлшерінде кредиттік айналымдарды қолдау.

4.2.14. в течение 30 (тридцати) календарных дней с момента присоединения к настоящему Договору обеспечить поддержание денежных оборотов (денежных операций по текущему(им) счету(-ам), открытому(-ым) в Банке), а также поддерживать ежемесячно на период действия Договора, на текущем счете в Банке кредитовые обороты в размере не менее 90 % (девяносто) процентов от общих безналичных поступлений Заемщика, в случае если иное не оговорено в решении Уполномоченного Органа Банка и не доведено до Заемщика.

4.2.15. Бұл кезде кредиттік айналымдар болып тікелей тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді іске асырудан түсетін ақша түсімдері танылады. Кредиттік айналымға үлестес тұлғалар, еншілес компаниялар мен филиалдар арасында іске асырылған тауарлар (жұмыстар, қызметтер), уақытша қаржылай көмек көрсету және т.б. үшін жүргізілген есеп айырысулар жатпайды.

4.2.15. При этом под кредитовыми оборотами понимаются поступления денег непосредственно от реализации товаров, работ и услуг. К кредитному обороту не относятся расчеты за реализованные товары (работы, услуги) между аффилированными, дочерними компаниями и филиалами, оказание временной финансовой помощи и др.

4.2.16. Қарыз алушы Банктің жазбаша келісімінсіз төмендегі іс-әрекеттерді жүзеге асырмауға міндеттенеді:

4.2.16. Заемщик обязуется не совершать без письменного согласия Банка:

4.2.16.1 қайта ұйымдасу (бірігу, қосылу, бөліну, бөлініп шығу, қайта құрылу);

4.2.16.1. реорганизацию (слияние, присоединение, разделение, выделение, преобразование);

4.2.16.2. еншілес және/немесе үлестес заңды тұлғалар құру, кез келген осындай өндірісті құру және/немесе құруға көмектесу;

4.2.16.2. создание дочерних и/или аффилированных юридических лиц, создание или оказание содействия в создании любого аналогичного производства;

4.2.16.3. Қарыз алушының бизнесін түгелдей немесе жекелеген операцияларын үшінші тарап басқаруға негіз болатын кез келген келісімдер жасау;

4.2.16.3. заключение любых соглашений, в силу которых бизнес в целом или отдельные операции Заемщика будут управляться третьей стороной;

4.2.16.4. кепілге беру шарттарын жасау немесе басқаша түрде өзінің активтеріне, мүлкіне (оның ішінде осы Қосылу шартын жасағаннан кейін оның меншігіне түсетін мүлкіне де), қазіргі және болашақтағы табысына ауыртпалық салу;

4.2.16.4. заключать договора залога, либо иным образом создавать обременения на свои активы, имущество (в том числе, поступившее в его собственность после заключения Договора присоединения), настоящие и будущие доходы;

4.2.16.5. Қарыз алушының басшылары мен қатысушыларының құрамын өзгерту;
4.2.16.6. қызмет түрін өзгерту;
4.2.16.7. қаржыландырылатын жоба бойынша технологиялық процестерде және өндірістік көрсеткіштерде айтарлықтай өзгерістер жасау;
4.2.16.8. өндірісті уақытша тоқтату/өндіріс көлемін 30% (отыз пайызға) төмендету, сондай-ақ Қарыз алушының Жарғысында белгіленген шекте жүзеге асырылатын өндірістік қызметінен/Шарт бойынша қаржыландыру объектісі болып табылатын пайдалану мақсатына сай қызметін ары қарай дамытудан бас тарту;

4.2.16.8. ірі қаржылық мәмілелер жасау және/немесе жарғылық капиталға өзгеріс енгізу, дивиденд төлеу, үлестес компаниялар берешегін қайта қаржыландыру, үлестес компанияға және кәсіпорын қызметкерлеріне материалдық және қаржылай көмек көрсету, басқа ұйымдардан қаржылық көмек алу және т.б. сияқты өзара байланысты бірнеше мәмілелер жасау;

4.2.16.10. ірі инвестициялық мәмілелер және/немесе лизингке жабдықтар алу және беруді қосқанда активтерді алу, іске асыру, беру сияқты өзара байланысты бірнеше мәмілелерді, сондай-ақ оның ішінде үлестес компаниялармен мәмілелер жасау;

4.2.16.11. үшінші тұлғалардан қарыз, кепілдіктер, аккредитивтер алу, вексельдерді акцептеу және авальдау, үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепілгер, кепіл болушы болу және бюджетке төленетін міндетті төлемдерді қоспағанда, осы Қосылу шартында көзделмеген басқа міндеттемелерді өзіне қабылдау. Сондай-ақ басқа қаржы ұйымдары немесе кез келген үшінші тұлғалар алдында өз міндеттемелерін немесе үшінші тұлғалардың міндеттемелерін қамсыздандыру ретінде активтерін ұсыну.

**4.3. Қарыз алушы:**

4.3.1. тәуелсіз аудиторлық компания (Банкпен келісілген) арқылы өз есебінен жыл сайын өзінің шаруашылық қызметіне аудит жүргізіп тұруға, сондай-ақ Банктің негізді талабы бойынша, оның ішінде кезектегі төлемді өтеу үшін қаражат болмаған және отыз күн ішінде олардың түсу мүмкіндігі болмайтын жағдайларда, өзінің

4.2.16.5. изменения в составе руководства и участников Заемщика;
4.2.16.6. изменение вида деятельности;
4.2.16.7. существенные изменения в технологическом процессе и производственных показателях, финансируемого проекта;
4.2.16.8. приостановление/снижение объёмов производства более чем на 30 (тридцать) % (процентов), а также отказ от дальнейшей производственной деятельности, осуществляемой в рамках, определенных уставом Заёмщика/ дальнейшего развития деятельности – в соответствии с целевым использованием, являющемуся объектом финансирования по Договору;
4.2.16.9. заключать крупные финансовые сделки и/или несколько взаимосвязанных между собой сделок таких как: изменение в уставном капитале, выплата дивидендов, рефинансирование задолженности аффилированных компаний, оказание материальной или финансовой помощи аффилированным компаниям и сотрудникам предприятия, получение финансовой помощи от сторонних организаций и д.р.;
4.2.16.10. заключать крупные инвестиционные сделки и/или несколько взаимосвязанных между собой сделок таких как: приобретение, реализация, передача активов, включая приобретение и передачу оборудования в лизинг, в том числе и аффилированным компаниям;
4.2.16.11. получать займы, гарантии, аккредитивы от третьих лиц, акцептовать и авалировать векселя, выступать гарантом, поручителем по обязательствам третьих лиц и принимать на себя иные обязательства, не предусмотренные настоящим Договором присоединения, за исключением обязательных платежей в бюджет. А также предоставлять свои активы в качестве обеспечения своих обязательств или обязательств третьих лиц перед другой финансовой организацией или любым третьим лицом.

**4.3. Заемщик дает согласие:**

4.3.1. проводить ежегодный аудит своей хозяйственной деятельности независимой аудиторской компанией (по согласованию с Банком) за свой счет, а также внеочередной аудит своей хозяйственной деятельности по обоснованному требованию Банка, в том числе в случае отсутствия средств для погашения

шаруашылық қызметіне кезектен тыс аудит жүргізуге келісім береді;
4.3.2. Дефолт/Кросс-Дефолт болған жағдайда, Банктің алғашқы талабы бойынша 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде Қолданыстағы заңнамада көзделген тәртіппен өзінің дебиторлық берешегі бойынша құқықтарын басқаларға қайта табыстауға келісім береді;
4.3.3. мерзімінен кешіктірілген (қарызды қайтару, осы Шартта көзделген есептелген сыйақыны, айыппұл мен өсімпұлды төлеу бойынша) берешегі болған жағдайда, кейін Қарыз алушыға хабарлау мақсатында Банктің өз қалауы бойынша кез келген үшінші тұлғаға, мемлекеттік органға және ұйымдарға Қарыз алушы туралы ақпарат беруіне келісім береді, бұл кезде аталған ақпаратты беру банктік құпияны жария ету болып есептелмейді;

4.3.4. Қосылу шартында және Қосылу туралы өтініште көзделген жағдайларда және талаптармен қарызды және/немесе сыйақыны және/немесе тұрақсыздық айыбын/мерзімінен кешіктірілген берешекті өтеу қажет болған жағдайда, Қарыз алушының Банкте, сонымен қатар екінші деңгейдегі кез келген басқа банктерде, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған кез келген банктік шоттарынан тікелей дебеттеу және/немесе даусыз есептен шығару арқылы ақшаны өндіріп алуға (қосымша келісімсіз және хабарлаусыз) келісім береді;
4.3.5. осы Шарттың Қосылу туралы өтінішіне қол қоя отырып, осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған және/немесе тиісті дәрежеде орындамаған жағдайда, Банк осы Шарт бойынша берешек сомасын өндіріп алу/қайтару мақсатында, оның ішінде осы Шарттың талаптарына сәйкес талап ету құқықтарынан бас тартқан жағдайда, берешекті қайтару бойынша қызметтер, сонымен қатар соттарда және мемлекеттік органдарда банктің мүддесін таныту бойынша қызметтер көрсететін кез келген үшінші тұлғаларға ақпарат беруге Банкке өзінің келісімін береді;

4.3.6. Қарыз алушы өзі туралы дербес деректерді жинақтауға, өңдеуге және оларды барлық мемлекеттік/мемлекеттік емес органдарға, ұйымдарға жария етуге келісім береді;
4.3.7. өзі туралы мәліметті кредиттік бюроға беруге және кредиттік бюроның өзі туралы

очередного платежа и отсутствия перспективы их поступления в течение тридцати дней;
4.3.2. в случае Дефолта/Кросс-Дефолта, по первому требованию Банка в течение 5 (пяти) календарных дней переуступить права требования Банку по своей дебиторской задолженности в соответствии с требованиями действующего законодательства;
4.3.3. при наличии просроченной задолженности (по возврату займа, уплате начисленного вознаграждения, штрафов и пени, предусмотренных настоящим Договором), предоставлять Банком по своему усмотрению информацию о Заемщике любым третьим лицам, государственным органам и организациям с целью последующего оповещения Заемщика и при этом предоставление данной информации не будет считаться раскрытием банковской тайны;

4.3.4. на обращение взыскания на деньги путём прямого дебетования банковских счетов и/или бесспорного (без дополнительного согласия и уведомления) списания Банком денег с любых банковских счетов, открытых в Банке и во всех обслуживающих его банках второго уровня и организациях, осуществляющих отдельные виды банковских операций, в случае необходимости погашения займа и/или вознаграждения и/или неустойки/просроченной задолженности, в случаях и на условиях, предусмотренных в Договоре присоединения и Заявлении о присоединении;
4.3.5. в случае неисполнения и/или ненадлежащего исполнения обязательств по настоящему Договору, подписанием настоящего Заявления на присоединение к настоящему Договору дает свое согласие Банку на предоставление информации любым третьим лицам, предоставляющим услуги по возврату задолженности, а также услуги по представлению интересов Банка в судах и государственных органах в целях взыскания/возврата суммы задолженности по настоящему Договору, в том числе при переуступке прав требований в соответствии с условиями настоящего Договора;
4.3.6. Заемщик дает согласие на сбор, обработку и распространение персональных данных о нем во все государственные/ негосударственные органы, организации;
4.3.7. на предоставление сведений о нем в кредитное бюро и на предоставление кредитным

кредиттік есепті, сондай-ақ тараптардың міндеттемелерін орындауына байланысты ақпаратты Банкке беруіне келісім береді;
4.3.8. осы Қосылу шарты бойынша құқықты үшінші тұлғаларға қайта табыстауға келісім береді.

**4.4. Қарыз алушының құқықтары:**
4.4.1. егер негізгі борышты және (немесе) сыйақыны өтейтін күн демалыс немесе мереке күндеріне сәйкес келсе, тұрақсыздық айыбы мен айыппұл санкцияларының басқа түрлерін төлемей-ақ, негізгі борышты және (немесе) сыйақыны одан кейінгі жұмыс күні төлеу;
4.4.2. жазбаша өтініш беріп, өзінің Шарт бойынша берешекті өтеу есебіне жасаған төлемінің (негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияға, тұрақсыздық айыбына, айыппұлға және айыппұл санкцияларының басқа түрлеріне, сондай-ақ төленуге тиісті басқа сомаға) бөлінуі туралы жазбаша ақпаратты үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде ең көп дегенде айына бір рет тегін алу;
4.4.3. Шарт бойынша берілген ақшаны банкке ішінара немесе толық мерзімінен бұрын қайтару туралы өтініші бойынша өзінің мерзімінен кешіктірілген төлемдерін көрсете отырып, негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияға, тұрақсыздық айыбына және айыппұл санкцияларының басқа түрлеріне, сондай-ақ төленуге тиісті басқа сомаға жіктелген қайтаруға тиісті сомасының мөлшері туралы мәліметті үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде тегін алу;
4.4.4. Тұрақсыздық айыбын немесе айыппұл санкцияларының өзге түрлерін төлемей-ақ, негізгі борышты ішінара немесе толықтай мерзімінен бұрын өтеу;
4.4.5. Шартта көзделген мерзімде Банкке жазбаша хабарлама беріп, қарызды нақты пайдаланған уақыт үшін сыйақы төлеп, қарызды қайтару бойынша өз міндеттемелерін мерзімінен бұрын орындау;
4.4.6. Шарттың талаптарын Қарыз алушы үшін жақсарту жағына қарай өзгерту туралы хабарлама алған күннен бастап он төрт күнтізбелік күн ішінде Қосылу шартында көзделген тәртіппен Банк ұсынған жақсарту талаптарынан бас тарту;
4.4.7. көрсетілген қызметтер бойынша даулы мәселелер туындаған кезде, Банкке жазбаша өтініш жасау және «Жеке және заңды

бюро Банку кредитного отчета о нем, а также информации, связанной с исполнением сторонами своих обязательств;
4.3.8. на переуступку прав по настоящему Договору присоединения третьим лицам.

**4.4. Заемщик вправе:**
4.4.1. если дата погашения основного долга и (или) вознаграждения выпадает на выходной либо праздничный день, произвести оплату основного долга и (или) вознаграждения в следующий за ним рабочий день без уплаты неустойки и иных видов штрафных санкций;
4.4.2. по заявлению получить в срок не более трех рабочих дней, безвозмездно, не чаще одного раза в месяц в письменной форме информацию о распределении (на основной долг, вознаграждение, комиссии, неустойки, штрафы и иные виды штрафных санкций, а также другие подлежащие уплате суммы) поступающих денег в счет погашения задолженности по Договору;
4.4.3. по заявлению о частичном или полном досрочном возврате Банку предоставленных по Договору денег безвозмездно в срок не более трех рабочих дней получить в письменной форме сведения о размере причитающейся к возврату суммы с разбивкой на основной долг, вознаграждение, комиссии, неустойки и иные виды штрафных санкций, а также другие подлежащие уплате суммы с указанием просроченных платежей;
4.4.4. производить частичное или полное досрочное погашение основного долга без оплаты неустойки или иных видов штрафных санкций;
4.4.5. досрочно исполнить свои обязательства по возврату займа путём предоставления в Банк письменного уведомления в сроки, предусмотренные Договором и уплатив вознаграждение за фактическое время пользования;
4.4.6. в течение четырнадцати календарных дней с даты получения уведомления об изменении условий Договора в сторону их улучшения для заемщика отказаться от предложенных банком улучшающих условий в порядке, предусмотренном Договором присоединения;
4.4.7. письменно обратиться в Банк при возникновении спорных ситуаций по получаемым услугам и получить ответ в сроки,

тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы заңының 8-бабында белгіленген мерзімде жауап алу;
5.4.6. осы Шарттың 4.7.7.-тармақшасында көзделген жағдайларда сыйақы мөлшерлемесі өзгерген кезде, жаңа талаптарды қабылдау немесе алған қарызды пайдаланған нақты уақыт үшін сыйақы төлеп, оны мерзімінен бұрын қайтару.

**5.5. Банктің міндеттері:**

4.5.1. Қарыз алушы осы Қосылу шартының, Қосылу туралы өтініштің талаптарын толық көлемде орындаған және Банктің скоринг жүйесі немесе Банктің уәкілетті органы қаржыландыруды мақұлдаған кезде, белгіленген мөлшерде және белгіленген мерзімдерде қарыз беру;

4.5.2. Қарыз алушының өтініші бойынша Шарт бойынша берешекті өтеу есебіне кезекті түскен ақшаны (мерзімінен кешіктірілген төлемдерін көрсете отырып, негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияға, тұрақсыздық айыбына, айыппұлға және айыппұл санкцияларының басқа түрлеріне, сондай-ақ төленуге тиісті басқа сомаға) бөлу туралы ақпаратты жазбаша түрде үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде, ең көп дегенде айына бір рет тегін беру;
4.5.3. Шарт бойынша берілген ақшаны Банкке мерзімінен бұрын ішінара немесе толық көлемде қайтару туралы Қарыз алушының өтініші бойынша оның мерзімінен кешіктірілген төлемдерін көрсете отырып, негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияға, тұрақсыздық айыбына, айыппұлға және айыппұл санкцияларының басқа түрлеріне, сондай-ақ төленуге тиісті басқа сомаға жіктелген қайтаруға тиісті сомасының мөлшері туралы мәліметті үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде тегін беру;
4.5.4. осы Шартта көзделген тәртіппен Шарттың талаптарын жақсарту жағына қарай өзгерту туралы Қарыз алушыға хабарлау;

4.5.5. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімінен кешіктірілген кезде, Қарыз алушыға мерзімінен кешіктірілген төлемді көрсете отырып, Шарт бойынша төлем жасау қажеттігі туралы және Қарыз алушының міндеттемелерін орындамауының салдары туралы осы Қосылу шартында көзделген тәсілмен және мерзімде, бірақ міндеттемелерді орындау мерзімінен

установленные статьей 8 Закона Республики Казахстан от 12 января 2007 года «О порядке рассмотрения обращений физических и юридических лиц»;
4.4.8. при изменении ставки вознаграждения в случаях, предусмотренных п. 4.7.7. настоящего Договора принять новые условия либо досрочно возвратить полученный заем, с уплатой вознаграждения за фактическое время пользования им.

**4.5. Банк обязуется:**

4.5.1. предоставлять заем, в установленном размере и в установленные сроки, при условии выполнения Заемщиком условий настоящего Договора присоединения и Заявления о присоединении в полном объеме и получения одобрения Скоринг-системы Банка, либо Уполномоченного органа Банка о финансировании;
4.5.2. по заявлению Заемщика безвозмездно не чаще одного раза в месяц представить в срок не более трех рабочих дней в письменной форме информацию о распределении (на основной долг, вознаграждение, комиссии, неустойки, штрафы и иные виды штрафных санкций, а также другие подлежащие уплате суммы с указанием просроченных платежей) очередных поступающих денег в счет погашения задолженности по Договору;
4.5.3. по заявлению Заемщика о частичном или полном досрочном возврате Банку предоставленных по договору денег безвозмездно в срок не более трех рабочих дней сообщить ему размер причитающейся к возврату суммы с разбивкой на основной долг, вознаграждение, комиссии, неустойки, штрафы и иные виды штрафных санкций, а также другие подлежащие уплате суммы с указанием просроченных платежей;

4.5.4. уведомить Заемщика об изменении условий Договора в сторону их улучшения в порядке, предусмотренном настоящим Договором;
4.5.5. при наступлении просрочки исполнения обязательства по Договору уведомить Заёмщика способом и в сроки, предусмотренные настоящим Договором присоединения, но не позднее тридцати календарных дней с даты наступления просрочки исполнения обязательства о необходимости внесения платежей по Договору с указанием размера

кешіктірілген күннен бастап отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей хабарлау;
4.5.6. Ақша айналымы туралы Қазақстан Республикасы заңының 8-бабында белгіленген мерзімде Қарыз алушының жазбаша өтінішін қарастыру және оған жауап дайындау;
4.5.7. Банктің Шарт бойынша құқығы (талап ету құқығын) үшінші тұлғаға өтетін талаптар қамтылған Шарт жасалған кезде (бұдан кейін – Талап ету құқығын табыстау шарты), Қарыз алушыға (немесе оның уәкілетті өкіліне):
- талап ету құқығын табыстау шарты жасалғанға дейін құқықтың (талап ету құқығының) үшінші тұлғаға өту мүмкіндігі туралы, сондай-ақ осындай табыстауға байланысты Клиенттің/Қарыз алушының дербес деректерін өңдеу туралы Шартта көзделген немесе Қазақстан Республикасы заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен хабарлау;
- талап ету құқығын табыстау шарты жасалған күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде үшінші тұлғаға (шарт бойынша құқық (талап ету құқығы) өткен тұлғаның атауы мен орналасқан орны) банктік қарызды өтеу бойынша бұдан кейінгі төлемдердің тағайындалуын, берілген құқықтың (талап ету құқығының) толық көлемін, сондай-ақ негізгі борыштың, сыйақының, комиссияның, тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) мерзімінен кешіктірілген және ағымдағы сомаларының және төленуге тиісті басқа сомалардың қалдығын көрсете отырып, үшінші тұлғаға құқықтың (талап ету құқығының) өткені туралы Шартта көзделген немесе Қазақстан Республикасы заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен хабарлау;
4.5.8. Қарыз алушыға берешекті мерзімінен бұрын өтетіп алу жағдайлары мен себептері туралы хабарлау.
4.5.9. қарызды мерзімінен бұрын өтеген кезде қарызды пайдаланған нақты мерзім үшін сыйақыны қайта есептеу.

**4.6. Банктің құқықтары:**

4.6.1. «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы заңының 34-бабының 3-тармағында көзделген, сондай-ақ осы Шартта белгіленген жағдайларда, Шарттың талаптарын Қарыз алушы үшін жақсарту жағына қарай біржақты тәртіппен өзгерту;
4.6.2. Қарыз алушы қарыздың кезекті бөлігін қайтару және (немесе) сыйақыны төлеу үшін

просроченной задолженности и о последствиях невыполнения Заемщиком своих обязательств;
4.5.6. рассмотреть и подготовить письменный ответ на письменное обращение Заемщика в сроки, установленные статьей 8 Закона Республики Казахстан об обращениях;
4.5.7. при заключении Договора, содержащего условия перехода права (требования) Банка по Договору третьему лицу (далее - Договор уступки права требования), уведомить Заемщика (или его уполномоченного представителя):
- до заключения Договора уступки права требования о возможности перехода прав (требований) третьему лицу, а также об обработке персональных данных Клиента/Заемщика в связи с такой уступкой способом, предусмотренным в Договоре, либо не противоречащим законодательству Республики Казахстан;
- о состоявшемся переходе права (требования) третьему лицу способом, предусмотренным в Договоре либо не противоречащим законодательству Республики Казахстан, в течение тридцати календарных дней со дня заключения Договора уступки права требования с указанием назначения дальнейших платежей по погашению банковского займа третьему лицу (наименование и место нахождения лица, которому перешло право (требование) по Договору), полного объема переданных прав (требований), а также остатков просроченных и текущих сумм основного долга, вознаграждения, комиссий, неустойки (штрафа, пени) и других подлежащих уплате сумм;
4.5.8. информировать Заемщика о фактах и причинах досрочного взыскания Банком сумм задолженности;
4.5.9. при досрочном погашении займа произвести перерасчет вознаграждения за фактический срок пользования займом.

**4.6. Банк вправе:**

4.6.1. в одностороннем порядке изменять условия Договора присоединения в сторону их улучшения для Заемщика в случаях, предусмотренных пунктом 3 статьи 34 Закона Республики Казахстан «О банках и банковской деятельности в Республике Казахстан», а также в случаях, установленных настоящим Договором;
4.6.2. требовать досрочного возврата суммы займа и вознаграждения по нему при нарушении

белгіленген мерзімді қырық күнтізбелік күннен астам мерзімге бұзған кезде, қарыз сомасын және ол бойынша есептелген сыйақы сомасын мерзімінен бұрын қайтаруды талап ету;
4.6.3. Қарыз алушы Шартта көзделген комиссияларды, айыппұл мен өзге тұрақсыздық айыбын төлемеген кезде, көрсетілген комиссия, айыппұл мен өзге тұрақсыздық айыбы сомасын Қарыз алушының Банкте ашылған кез келген банктік шотынан даусыз (Қарыз алушының қосымша келісімінсіз және оған хабарламай) тәртіппен есептен шығару (дебеттеу);
4.6.4. төлемдер бойынша барлық бастапқы және басқа құжаттарды Қарыз алушының қарыз қаражатын мақсатына сай пайдалануына және оның қаржылық жай-күйіне қатысты тексеру;
4.6.5. Осы Шартқа қосылғаннан кейін және Банктің уәкілетті органы қаржыландыруды мақұлдағаннан кейін қарыз нақты берілмеген болса, төмендегі негіздер бойынша, яғни:

- Қарыз алушы жауапкер және/немесе жауапкер тарапынан өз бетінше талаптар қоймайтын үшінші тұлға ретінде сот процесіне тартылған болса;
- Қарыз алушының мүлкіне және оның шоттарына тыйым салынса және/немесе мүлкіне өндіріп алу қолданылса немесе осындай жағдайлардың пайда болу қаупі төнсе;
- Қарыз алушы өзінің Банк және/немесе үшінші тұлғалар алдындағы міндеттемелерінің талаптарын бұзған болса және осы үшінші тұлғалар Қарыз алушының міндеттемелерді бұзғаны туралы Банкке хабарласа;
- Қарыз алушы осы Қосылу шарты бойынша Банктің алдындағы міндеттемелерін бұзса;
- Қарыз алушы қарыздың қамсыздандыруының болуы (жай-күйі) туралы күмәнді мәліметтерді ұсынса;
-
- уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінің талаптарына сәйкес Банк жүргізетін мониторингтің қорытындысы бойынша анықталған Қарыз алушының қаржылық жағдайы нашарласа (оның ішінде түсімнің төмендеуі, алдыңғы қаржылық кезең бойынша алынған теріс операциялық және таза пайданың болуы, дебиторлық, кредиторлық берешектің, қорлардың айналымдылық мерзімдерінің өсуі, қаржылық левереджің өсуі, сатылымдардың

Заемщиком срока, установленного для возврата очередной части займа и (или) выплаты вознаграждения, более чем на сорок календарных дней;
4.6.3. при неуплате Заёмщиком комиссий, штрафов и иных неустоек, предусмотренных Договором, списать (дебетовать) в бесспорном (без дополнительного согласия и уведомления Заёмщика) указанную сумму комиссий, штрафов и иных неустоек с любого банковского счёта Заёмщика, открытого в Банке;

4.6.4. проверять все первичные и иные документы по платежам, на предмет целевого использования заемных средств и финансового состояния Заемщика;
4.6.5. отказать в выдаче займа, после присоединения к настоящему Договору и получению одобрения о финансировании Уполномоченным органом Банка, если заем фактически выдан не был, по следующим основаниям:
- Заемщик вовлечен в судебный процесс в качестве ответчика и/или третьего лица, не заявляющего самостоятельные требования на стороне ответчика;
- на имущество Заемщика и его счета наложен арест и/или обращено взыскание на имущество либо существует реальная угроза наступления данных событий;
- Заемщик нарушил условия обязательств, имеющихся у него перед Банком и/или третьими лицами, которые уведомили Банк о нарушении Заемщиком своих обязательств;

- Заемщик нарушил свои обязательства перед Банком по настоящему Договору присоединения;
- Заемщик представил недостоверные сведения о наличии (состоянии) обеспечения займа;

- ухудшения финансового состояния Заемщика, выявленного по результатам мониторинга, проводимого Банком в соответствии с требованиями нормативного правового акта уполномоченного органа (в т.ч. снижение выручки, отрицательные операционная и чистая прибыль за предыдущие финансовые периоды, рост сроков оборачиваемости дебиторской, кредиторской задолженности, запасов, рост финансового левереджа, резкое снижение

рентабельділігінің, өтімділік коэффициенттерінің күрт төмендеуі және т.б.);
- Қарыз алушының Банктегі шоттарындағы ақша айналымдары қаржыландыру сомасынан кем болатын сомаға төмендесе;
- соңғы 6 (алты) айда мерзімінен кешіктірілген төлемдер болса, берешекті өтеу мерзімі кейінге жылжытылса, негізгі борышты және/немесе сыйақыны өтеу бойынша төлем мерзімі ұзартылса;
- мониторинг жүргізу үшін Қарыз алушы қаржылық есептілікті ұсынбаса немесе уақытылы ұсынбаса;
- Қарыз алушының есеп айырысу шоттары бойынша картотекасы болса (инкассолық талаптарды ұсыну);
- болашақ кезеңдерде келісімшарттар бойынша өндіріс көлемі азайса немесе болмаса, кәсіпорынның өндірістік қызметі болмаса немесе уақытша тоқтатылса, бизнес-жоспардан ауытқыса, Қарыз алушының қызмет бағыты ауысса;
- бюджет алдында берешегі (салықтар және өзге міндетті алымдар бойынша) болса;
- кәсіпорынның қызметін жүзеге асыруға берілген мерзімі өткен немесе уақытша тоқтатылған лицензиялар болса;
- құрылтайшылар ұзақ уақыт науқастанса/қаза болса/ауысса;
- құрылтайшылар мен басшылар арасында даулы жағдайлар болса, құқықтық мұрагерлікке және балансты бөлуге қатысты Қарыз алушы кәсіпорын қайта құрылса;
- Қарыз алушының қызметі саласындағы бағаларға мемлекеттік реттеу жүргізілсе;
- Қарыз алушының жиынтық активтері мөлшерінің 10%-нан асатын көлемдегі жылжымайтын мүлкі және басқа мүлкі сатылса немесе меншігінен шығарылса;
- Қолданыстағы заңнаманың Банктің осы Келісімді тиісті дәрежеде орындауына әсер ететін талаптары өзгерсе;
- Банктің қаржылық резервтер құру көздері өзгерсе, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заң шығарушы органдарының, Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің шешімдеріне байланысты және Қазақстан Республикасында және Қазақстан Республикасынан тыс жерде ресурстар алудың жалпы талаптарының өзгеруіне байланысты Банктің ресурстарды құру талаптары өзгерсе;

рентабельности продаж, коэффициентов ликвидности и т.д.);
- снижения оборотов денег на счетах Заемщика в Банке менее суммы финансирования;
- наличия за последние 6 месяцев просрочек по платежам, предоставления отсрочек по погашению задолженности, предоставления пролонгаций по погашению основного долга и/или вознаграждения;
- не предоставления либо не своевременного предоставления финансовой отчетности Заемщиком для проведения мониторинга;
- наличия картотеки по расчетным счетам Заемщика (выставление инкассовых требований);
- уменьшения либо отсутствия объемов по контрактам в будущих периодах, отсутствия или приостановления производственной деятельности предприятия, отклонения от бизнес-плана, смены направления деятельности Заемщика;
- наличия задолженности перед бюджетом (по налогам и прочим обязательным сборам);
- наличия просроченной или приостановленной лицензии на осуществление деятельности предприятия;
- длительной болезни/смерти/смены учредителей;
- наличия конфликтных ситуаций среди учредителей и руководства, реорганизации предприятия-Заемщика в части правопреемства и разделения баланса;
- введения государственного регулирования цен в отрасли функционирования Заемщика;
- продажи или выбытия недвижимости и другого имущества Заемщика в объеме, превышающем 10% от размера совокупных активов Заемщика;
- изменения требований действующего законодательства, влияющих на надлежащее исполнение Банком настоящего Договора;
- изменения источников формирования финансовых резервов Банка, а также изменения условий формирования ресурсов, связанных с решением законодательных органов, Правительства Республики Казахстан, Национального Банка Республики Казахстан, и в связи с изменением общих условий получения Банком ресурсов как в Республике Казахстан, так и за пределами Республики Казахстан;

- валюта бағамы күрт өзгерсе (девальвация/ревальвация, теңге бағамының құбылмалылығы, теңгенің деноминациялануы) және Қазақстан Республикасында шетел валютасының айналымына шектеу қойылса;
- сыртқы факторлар (қарыз/облигация сатып алу бойынша сыртқы кредиторлардың талап қоюы, тартылған синдикатталған және өзге қарыздар бойынша мөлшерлеменің артуы, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру мөлшерлемесін, депозиттер бойынша мөлшерлемелерді, қор құру құнын көтеруі, іс жүргізу нормативтері бойынша талаптарды күшейтуі) әсер етсе;

- Скоринг жүйесінің/Банктің уәкілетті органының басқа шешімдері бойынша қарыз беруден бас тарту.

4.6.6. төмендегі жағдайларда, яғни:

- Қарыз алушының төлем жасау қабілеті тұрақты нашарлаған және қарызды екі айдың ішінде өтеуге мүмкіндігі болмаған;
- үшінші тараптың Қарыз алушының негізгі және айналымдағы қаражатының үштен бір бөлігін құрайтын сомадағы талап ету шағымы бойынша Қарыз алушы сот процесіне қатысқан;
- Қарыз алушының банктік шоттарының кез келгеніне Қарыз алушы осы Шарттың аясында алған соманың үштен бір бөлігінен асатын сомаға үшінші тұлғалардың акцептісіз тәртіппен талап етуі (инкассолық талаптары) болған жағдайда, негізгі борыш сомасын және/немесе есептелген сыйақы сомасын төлеу мерзімдерін бұзудың және/немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің талаптарына сәйкес Қарыз алушыға берілген қарыздың күмәнді қарыздар санатына жатқызылуы салдарынан қарыз берешегі бойынша мерзімінен кешіктірілген төлем пайда болған кезде, мерзімді негізгі борыш бойынша сыйақы есептеуді біржақты тәртіппен тоқтату.

4.6.7. 10 күннен аспайтын уақытқа есептелген мерзімінен кешіктірілген берешек пен өсімпұл сомасын төлеген жағдайда, мерзімінен кешіктірілген берешекті өтеу күнінен бастап Банк бекіткен мөлшерлеме бойынша осы қарыз бойынша сыйақы есептеуді қайта қалпына келтіру туралы біржақты шешім қабылдау;

4.6.8. қарызды және/немесе сыйақыны және/немесе тұрақсыздық айыбын өтеу қажет болған жағдайда, сондай-ақ мерзімінен

